Егер 2-ші топтың аллоксан диабеті бар егеуқұйрықтарының дene салмағы орташа 10-11 % төмендесе, ал 3-ші топтағы егеуқұйрықтарда ол сақталып тұрды, ал кейбір егеуқұйрықтар аллоксан мен антиоксиданттарды

енгізгеннен кейін 45 күннен соң тіпті дene салмағын қосып, орташа салмағы  $245 \pm 17$  г жетті, яғни қалыпты егеуқұйрықтарының дene салмағынан 10 г артық болды.

3-ші топтағы егеуқұйрықтардың ішек лимфа жолдарының лимфа ағысы 2-ші топпен салыстырғанда жоғарлап ( $0,21 \pm 0,02$  мл/сағ)  $0,29 \pm 0,02$  мл/сағ құрады. Аллоксан диабеті бар 2-ші топтың егеуқұйрықтарының лимфасына жасалған биохимиялық зерттеулер катты өзгерістерді көрсетті.



Ординат осі бойынша: глюкозаның мөлшері ммоль/л. Абсцисс осі бойынша: 1 – бақылау тобы, 2 – аллоксан диабеті, 3 – түзетуден кейінгі.

Сурет 1 - Аллоксан диабеті мен түзетулдерден кейінгі лимфадағы глюкозаның мөлшері

Глюкозаның лимфадағы құрамы 3-3,5 есе есті (қалыпты жағдайда лимфада  $6,2 \pm 1,5$  ммоль/л). Протекторлы заттарды колданғаннан кейін 3-ші топтағы лимфасындағы глюкозаның құрамы 2-ші топпен салыстырғанда 43-46% төмендеді (1 кесте, 1 сурет).

1 кесте мен 1 суретте көрініп тұргандай 3-ші топтағы егеуқұйрықтардың глюкозаның құрамы лимфада 43%, 2-ші топтағы аллоксан диабеті бар егеуқұйрықтармен салыстырғанда төмендеді.

Аллоксан диабеті бар егеуқұйрықтардың 2-ші тобында лимфадағы инсулин деңгейі бақылаудағы топпен салыстырғанда 3,5 және 2,2 есе төмендеген (қалыпты жағдайда лимфа  $7,1 \pm 1,4$  мкМЕ/мл). Соя сүті мен α-токоферолды қолданып, түзетулер жасағаннан кейін 3-ші топтағы егеуқұйрықтардың лимфасындағы инсулиниң деңгейі көтерілгенде байқалған, бірақ ол бақылау мәніне жетпеді. Егеуқұйрықтардың тамағына соя сүтін қосу және α-токоферолды енгізу 3-ші топ егеуқұйрықтарының лимфасының қоюлануы аллоксан диабеті бар 2-ші топпен салыстырғанда 10% төмен болды. 2-ші топ егеуқұйрықтарының лимфасындағы жалпы ақуыздың құрамы 2-кестеде көрсетілгендей төмендеді. 3-ші топ егеуқұйрықтарының антиоксиданттарды қабылдағаннан кейінгі лимфасындағы жалпы ақуыздың құрамы ақырында қалыпқа келді, бірақ 1-ші топпен салыстырғанда төмен болды.

Кесте 2 – Егеуқұйрықтардағы аллоксан диабеті және оны антиоксидантты түзетуден кейінгі лимфа мен лимфа ағысының биохимиялық қорсеткіштері

Көрсеткіштер	1 топ	2-ші топ	3-ші топ
Лимфа ағысы, мл/сағ	$0,32 \pm 0,04$	$0,21 \pm 0,02^*$	$0,29 \pm 0,02$
Жалпы белок, г/л			
Лимфа	$41,3 \pm 3,5$	$32,2 \pm 4,2^*$	$38,7 \pm 2,1$
Ескерту - алынған нәтижелердің статистикалық сенімділігінің өзара айырмашылықтары *- $p < 0,05$ , **- $p < 0,01$			

2-ші топтағы егеуқұйрықтардың лимфасындағы жалпы ақуыздың құрамы бақылаумен салыстырғанда 22% төмендеді.


Анықталған ауытқуларды антиоксидантты заттармен түзетулдерден кейін лимфадағы ақуыздың деңгейі 2-ші топпен салыстырғанда 17 % (аллоксан диабеті кезінде  $32,2 \pm 4,2$  г/л) жоғарлады (кесте 2, сурет 2).

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерден аллоксан диабетінің жануарлардың ішкі орта жағдайларына лимфодинамика, лимфаның биохимиялық құрамына теріс әсер ететіндігі көрінеді.

Алынған мәліметтерден көрініп тұргандай соя сүті мен α-токоферол алған 3-ші топ егеуқұйрықтарының лимфасындағы жалпы ақуыздың шоғырлануы жоғарлады, бірақ бақылау деңгейіне жетпеді (кесте 2, сурет 3).


3-ші топтың лимфасының қоюлану антиоксиданттар алмаған 2-ші топпен салыстырғанда бірнеше жоғарлады. Тұтқырылық төмендеді. Осылайша, егеуқұйрықтардың аллоксан диабеті кезінде протекторлы заттарды:

соя сүті мен  $\alpha$  – токоферолды қолдану  $\beta$ -клеткаларының мембраналарын аллоксанның зақымдаушы әсерінен қорғайды.



Ординат осі бойынша: инсулиниң мөлшері мкМЕ/мл. Абсцисс осі бойынша: 1 – бақылау тобы, 2 – аллоксан диабеті, 3 – түзетуден кейінгі.

Сурет 2 - Аллоксан диабеті мен түзетулдерден кейінгі лимфадағы инсулин мөлшерінің өзгеру динамикасы



Ординат осі бойынша: жалпы белоктың құрамы г/л. Абсцисс осі бойынша: 1 – бақылау тобы, 2 – аллоксан диабеті, 3 – түзетуден кейінгі.

Сурет 3 - Аллоксан диабеті мен түзетулдерден кейінгі лимфадағы жалпы белок құрамының өзгерісі

Егеуқүйрықтардың аллоксан диабеті кезіндегі көмірсу алмасуының көрсеткіштеріне соя сүтінің он әсерлерін басқа авторлар атап өткен.

Бірақ, соя сүтін қолдану басқа зерттеушілердің тәжірибелеріндегі егеуқүйрықтардың дене салмағын қалпына келтірмеді. Біздің тәжірибіде  $\alpha$ -токоферолды қосу айтарлықтай жоғары әсерді берді - бастапқы дене салмағы сақталды және лимфа жүйесінің қызметі мен құрылымына диабеттің кері әсері төмендеді.

#### Әдебиеттер

1 Бородин Ю.И. Эндоэкология, лимфология и здоровье // Бюлл. СО РАМН. – 1999. - №2. - С. 5-7.

2 Булекбаева Л.Э., Хантурин М.Р., Демченко Г.А. Эффект сорбционно -лимфатического дренажа ткани у крыс при кадмииевой интоксикации // Тр. ИК и ЛФ. – Новосибирск, 2000. - Т.8. - С. 40-42.

3 Горчаков В.Н., Головко Е.А. Структурная организация лимфоузла в условиях лимфотропной коррекции последствий компрессии седалищного нерва // Тез. докл. II съезд лимфологов России. - Санкт-Петербург, 2005. - С. 86-88.

4 Левин Ю.М., Бунин В.Н., Грачева С.В. и др. От описательной лимфологии к общеклинической лимфологии и эндоэкологической медицине // Труды ИК и ЭЛ СО РАМН «Проблемы экспериментальной клинической и профилактической лимфологии» - Новосибирск, 2000. - С. 162-167.

5 Выренков Ю.Е., Шишило В.К., Круглова И.С., Воскасян А.С. Эффективность эндолимфатической инфузии лекарственных препаратов в условиях экспериментального инфаркта миокарда // В кн.: Проблемы лимфологии и интерстициального массопереноса. Тр. НИИК и ЭЛ СО РАМН. – Новосибирск, 2004. -Т. 10. - Ч.1. - С. 126-129.

6 Булекбаева Л.Э., Демченко Г.А., Абдрашов С.Н. Функциональное состояние лимфатических узлов после антиортостатического воздействия // Изв. НАН РК, Серия биол. и мед. -2004. - №1. – С. 27-32.

7 Демченко Г.А. Влияние лекарственных препаратов на функциональное состояние лимфатических сосудов при экспериментальной гипертензии // Поиск. – 2005. - №2. - С. 73-76.

8 Абрешов С.Н. Сократительная активность брыжеечных лимфатических узлов при токсическом гепатите // Изв. НАН РК. Серия биол. и мед. -2007. - №3 (261). – С. 50-54.

### Резюме

Антиоксидантная коррекция (соевое молоко и  $\alpha$ -токоферол), защищая  $\beta$ -клетки от повреждающего действия аллоксана и ослабляя развитие и степень тяжести аллоксанового диабета, снижала его негативное влияние на структуру и транспортную функцию лимфатической системы.

### Summary

Antioxidant correction (soya milk and  $\alpha$  – tocopherol), protecting  $\beta$  - cages from damaging action alloxan and weakening development and severity level alloxan a diabetes, reduced its negative influence on structure and transport function of lymphatic system.

ӘОЖ 612.42:616.379

Абылайханова Н.Т., Абрешов С.Н.\*, Сулейменова А., Жумадиллаева Н.

### АЛЛОКСАН ДИАБЕТИНЕ ШАЛДЫҚҚАН ЕГЕУҚҮЙРЫҚТАРДЫҢ АНТИОКСИДАНТАРМЕН ТҮЗЕТУЛЕРДЕН КЕЙІНГІ ҚАН ПЛАЗМАСЫНЫң БИОХИМИЯЛЫҚ ҚОРСЕТКІШТЕРІНІң ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

\*Адам және жануарлар физиологиясы Фылыми Зерттеу институты, Алматы қ., Қазақстан)

Егеуқүйрыйктардың аллоксан диабеті кезінде протекторлы заттарды: соя сүті мен  $\alpha$  –  
токоферолды қолдану  $\beta$ -клеткаларының мембраналарын аллоксанның зақымдауышы  
асерінен қоргайды.

Қант диабетінің өтуін дәрі-дәрмектік және антиоксидантты препараттармен түзету жолымен жеңілдетуге болатыны әдебиет көздерінен белгілі. Метаболитті асері бар препараттарды қолдану кезінде (ЭСПА-липон, милдронат, В-каротин және супероксидисмутазаны 4 апта аралығында) қандағы қанттың төмендеуі, дене салмағының артуы, аллоксан диабеті бар егеуқүйрыйктардың бас миының ұлпаларындағы липидтердің тотығу үрдістерінің төмендеуі байқалды [1].

Салсоколин фитопрепаратын және синтетикалық препарат цитафатты диабетикалық нефропатиясы бар егеуқүйрыйктарға колданған кезде тұрактандыруышы асер берді, ол глутатионның алмасу ферментінің белсенділігінің қалыптануына экелді [2].

Аллоксан диабетінің женіл формасында теңгежапырақтардың полифенолдары қандағы глюкоза құрамына тұрактандыруышы асер етті.

*Ajuga Turkestanica* өсімдігінен бөлініп алынған фитоэкстериоидтер аллоксан диабеті бар егеуқүйрыйктарға енгізгенде де қолайлы асер берді. Тәжірибеге алынған жануарларда қанттың құрамы бұл сығындыны алмаған жануарларға қараганда айтартықтай төменеді [3-5].

*In vitro* тәжірибелерінде сонымен қатар таурин мен бүршак жармаларының сығындыларының ақызыдағы фруктозаминнің қалыптасу үрдістерін төмендететіндігі анықталды. Бойдананың (пажитник) сығындысын егеуқүйрыйктарға 30 тәулік енгізгеннен соң қан құрамындағы, бауыр мен бүйрек ұлпаларындағы липидтердің асқын тотығының тотығу деңгейі азайды, қандағы қант құрамы азайды, қан плазмасындағы каталаза мен супероксидисмутазаның белсенділігі реттелді [6].

Ғалымдардың зерттеулерінің қорытындысы бойынша адамдардың жас ұлғайған сайын эндокринді бездердің корғаныс қызметінің әлсірейтіндігін анықталған. Олардың ағзасына Е дәруменін енгізсе гистогематикалық тосқауылдардың енуінің корғаныштық қызметі артады. Қант диабетімен ауыратындар соя диетасын қолданған кезде сыбағалы салмақтың төмендегені байқалған. 2-ші типті қант диабетімен ауыратын наукастар құрамында сарымсақ, румекс пен топинамбур болатын препараттарды қолдану кезінде көмірсу мен липид алмасуының қорсектіштеріне қалыптандыратын асер берді [7-9].

Осылайша, қазіргі таңда аллоксан диабеті кезіндегі ағзаны қорғау жолдары ізделінуде. Біздің алға қойған зерттеу жұмысымызда аллоксан диабетімен ауыратын егеуқүйрыйктардың қан плазмасының биохимиялық құрамын зерттеу мәліметтері мен осы ауытқуларды соя сүті мен  $\alpha$ -токоферолды қабылдау жолымен түзетулердің нәтижелері келтірілген.

### Зерттеу нәтижелері мен әдістері

Зерттеуге 52 егеуқүйрыйк алынды және олар 3 топқа бөлінді: 1-ші топ (12 егеуқүйрыйк) интактты, 2-ші топ (20 егеуқүйрыйк) аллоксан диабетті, 3-ші топ – 20 егеуқүйрыйк. 3-ші топ алдын ала 7 күн  $\alpha$ - токоферол (1,5 мкг/кг) және per os соя сүтін (2 г/100 г) алды, одан кейін жоғарыда сипатталған сызбанұсқа бойынша оларға аллоксан енгізілді. Одан ары олар 21 тәулік бойы антиоксидантты заттарды қабылдады.

Көрсетілген уақыттың бітуімен қан қысымы өлшенді және қан плазмасының биохимиялық көрсеткіштері анықталды.

3-ші топтағы егеуқұйрықтардың дene салмағы 2-ші топпен салыстырғанда артты. Егер 2-ші топтың аллоксан диабеті бар егеуқұйрықтарының дene салмағы орташа  $10\pm11\%$  төмендесе, ал 3-ші топтағы егеуқұйрықтарда ол сақталып тұрды, ал кейір егеуқұйрықтар аллоксан мен антиоксиданттарды енгізгеннен кейін 45 күннен соң тіпті дene салмағын қосып, орташа салмағы  $245\pm17\text{ г}$  жетті, яғни қалыпты егеуқұйрықтарының дene салмағынан  $10\text{ г}$  артық болды. 3-ші топтағы егеуқұйрықтардың қан қысымы қалыпты мәннің шегінде болды ( $90\pm105 \text{ мм.рт.ст.}$ ).

Аллоксан диабеті бар 2-ші топтың егеуқұйрықтарының қан плазмасына жасалған биохимиялық зерттеулер қатты өзгерістерді көрсетті. Глюкозаның қандағы құрамы  $3\pm3,5$  есе өсті (қалыпты жағдайда қанда  $5,8\pm1,3 \text{ ммоль/л}$ ).


Протекторлы заттарды қолданғаннан кейін 3-ші топтағы егеуқұйрықтардың қанындағы глюкозаның құрамы 2-ші топпен салыстырғанда  $43\pm46\%$  төмендеді (1-кесте, 1-сурет).

1-кесте мен 1-суретте көрініп тұргандай 3-ші топтағы егеуқұйрықтардың қанындағы глюкозаның құрамы  $46\%$  төмендеді, 2-ші топтағы аллоксан диабеті бар егеуқұйрықтармен салыстырғанда несепте  $60\%$  темендеді. Аллоксан диабеті бар егеуқұйрықтардың 2-ші тобында қандағы инсулин деңгейі бақылаудағы топпен салыстырғанда  $3,5$  және  $2,2$  есе төмендеген (қалыпты жағдайда қан  $20,5\pm1,8 \text{ мкМЕ/мл}$ ). Соя сүті мен α-токоферолды қолданып тұзетулер жасағаннан кейін қан плазмасындағы инсулиниң деңгейі жоғарлады, бірақ бақылау деңгейінен төмен болды. 2-суретте 2-ші топтағылардың қан плазмасындағы инсулиниң құрамы  $6,9 \text{ мкМЕ/мл}$ , ал 3-ші топта  $3\pm17 \text{ мкМЕ/мл}$  екені көрініп тұр. 3-ші топтағы егеуқұйрықтардың қан плазмасындағы инсулиниң деңгейі көтерілгенде байқалған, бірақ ол бақылау мәніне жетпеді (сурет 2).

Кесте 1 – Аллоксан диабетімен ауыратын және антиоксиданттарды қолданғаннан кейінгі егеуқұйрықтардың қаны мен зәріндегі глюказа мөлшері

Глюкозаның көрсеткіші	Қалыпты жағдайда	Аллоксан диабетінде	Қалпына келтіруден кейін
Қанда ммоль/л	$5,8\pm1,3$	$18,1\pm2,4^{**}$	$8,92\pm0,7$
Зәрде ммоль/л	0	$7,8\pm1,3$	$1,3\pm1,2$

Ескерту - алынған нәтижелердің статистикалық сенімділігінің өзара айырмашылықтары \*- $p<0,05$ , \*\*- $p<0,01$ , \*-\* $p<0,05$ , \*\*-\* $p<0,01$




Ординат осі бойынша: глюкозаның мөлшері  $\text{ммоль/л}$ . Абсцисс осі бойынша: 1 – бақылау тобы, 2 – аллоксан диабеті, 3 – тұзетуден кейінгі.

Сурет 1 - Аллоксан диабеті мен тұзетулерден кейінгі қан плазмасы мен зәрдегі глюкозаның мөлшері

Протекторлы заттарды қолданғаннан кейінгі қаның коюлану уақыты  $3,0\pm0,2 \text{ мин.}$  дейін созылды (аллоксан диабеті кезінде  $2,5\pm0,2 \text{ мин.}$ ). Егеуқұйрықтардың тамағына соя сүтін косу және α-токоферолды енгізу плазма көлемінің үлесі мен қан эритроциттерін қалыптастыруына мүмкіндік жасағанын айта кеткен жөн. 3-ші топ егеуқұйрықтарының гематокритті көрсеткіш бойынша қан плазмасының көлемі 2-ші топпен салыстырғанда жоғарлады және бақылаудағы топтың деңгейіне жетті. Сәйкесінше қаның эритроцитарлы бөлімнің көлемі жоғарылады (сурет 3). 3-ші топ егеуқұйрықтарының қанының қоюлануы аллоксан диабеті бар 2-ші топпен салыстырғанда  $10\%$  төмен болды.


2-ші топ егеуқұйрықтарының қан плазмасындағы жалпы ақуыздың құрамы 2-кестеде көрсетілгендей төмендеді. 3-ші топ егеуқұйрықтарының антиоксиданттарды қабылдаганнан кейінгі қан плазмасындағы жалпы ақуыздың құрамы ақырындан қалыпқа келді, бірақ 1-ші топпен салыстырғанда төмен болды.

2-ші топтағы егеуқұйрықтардың плазмасындағы жалпы ақуыздың құрамы бақылаумен салыстырғанда 20% төмендеді. Анықталған ауытқуларды антиоксидантты заттармен түзетулерден кейін қан плазмасындағы ақуыздың деңгейі 2-ші топпен салыстырғанда 15% (аллоксан диабеті кезінде  $54,2 \pm 3,28$  г/л) жоғарлады (кесте 2).



Ординат осі бойынша: инсулиннің мөлшері мкМЕ/мл. Абсцисс осі бойынша: 1 – бақылау тобы, 2 – аллоксан диабеті, 3 – түзетуден кейінгі.

Сурет 2 - Аллоксан диабеті мен түзетулерден кейінгі қан плазмасындағы инсулин мөлшерінің өзгеру динамикасы



Ординат осі бойынша: гематокрит көрсеткіші. Абсцисс осі бойынша: 1 – бақылау тобы, 2 – аллоксан диабеті, 3 – түзетуден кейінгі.

Сурет 3 - Аллоксан диабеті мен түзетулерден кейінгі гематокрит көрсетішінің өзгерістері

2-ші топтағы егеуқұйрықтардың қан плазмасындағы мочевинаның шоғырлануы 8,2 дең 5,3 ммоль/л азайды, ал түзетулерден кейін оның құрамы жоғарлады, бірақ бақылаудағымен салыстырғанда бірнеше төмен болды. 3-ші топтың қан плазмасындағы креатининнің құрамы айтартықтай өзгермегі және бақылаумен салыстырғанда дұрыс болмады (кесте 2).

Көрсетілген тәжірбиелерде барлық жануарлардың (1, 2, 3 топтар) қан плазмасындағы биохимиялық көрсеткіштері анықталды, әсіресе олардың АЛТ (аланинаминотрансфераза) пен АСТ (аспартатаминотрансфераза). Бақылау тобымен салыстырғанда 2-ші топ егеуқұйрықтарының әсіресе АЛТ (2 есе) пен АСТ (2,5 есе) деңгейлері жоғарлады.

3-ші топ егеуқұйрықтарының қан плазмасында *per os* сүті мен в/б α-токоферол инъекциясын қолданғаннан кейін АЛТ пен АСТ ферменттерінің құрамы төмендеді, бірақ бақылаудан 56% және 57% жоғары болды.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерден аллоксан диабетінің жануарлардың ішкі орта жағдайларына қанның биохимиялық құрамына теріс әсер ететіндігі көрінеді.

Алынған мәліметтерден көрініп түргандай соя сүті мен α-токоферол алған 3-ші топ егеуқұйрықтарының қан плазмасындағы жалпы ақуыздың шоғырлануы жоғарлады, бірақ бақылау деңгейіне жетпеді. Гематокритті

көрсеткіш бақылау мәнінің шегінде болды. 3-ші топтың қанының қоюлану антиоксиданттар алмаған 2-ші топпен салыстырылғанда бірнеше жоғарлады. Тұтқырлық төмендеді.

Кесте 2 – Егеуқұрықтардағы аллоксан диабеті және оны антиоксидантты түзетуден кейінгі қан плазмасының биохимиялық көрсеткіштері мен гемодинамикасы

Көрсеткіштер	1-ші топ	2-ші топ	3-ші топ
АҚ, мм сын.бағ.	90-100	88-102	85-98
Жалпы белок, г/л			
Қан плазмасы	68,3± 2,3	54,2 ±3,28*	64,5 ±4,2
Қан плазмасы			
Мочевина, ммоль/л	8,2±0,3	5,3 ±0,5*	6,9 ±0,2
Креатинин, ммоль/л	62,4±1,8	54,9±1,3	59,8 ±0,4
Жалпы биллирубин, мкмоль/л	10,4±0,7	11,7±0,9	10,9±0,2
Тимоловая проба, Ед	0,7±0,02	1,0±0,6*	0,9±0,04
АЛТ, ммоль/л	0,51±0,1	1,02+0,2**	0,8+0,2*
АСТ, ммоль/л	0,65±0,1	1,63+0,2**	1,02+0,3*

Ескерту - алынған нәтижелердің статистикалық сенімділігінің өзара айырмашылықтары \* $p<0,05$ , \*\* $p<0,01$ \* $0,05$ , \* $-p<0,01$ \*\*

Қорыта келгенде біздің тәжірбиеде  $\alpha$ -токоферолды қосу айтартылғатай жоғары әсерді берді - бастапқы дene салмағы сақталды және қан жүйесінің қызметі мен құрылымына диабеттің кері әсері төмендеді. Егеуқұрықтардың аллоксан диабеті кезінде протекторлы заттарды: соя сүті мен  $\alpha$  – токоферолды қолдану  $\beta$ -клеткаларының мембранның аллоксаның закымдаушы әсерінен қорғайды.

### Әдебиеттер

1 Молотов-Лучанский В.Б. Влияние салсоколлина и цитадфата на окислительный метаболизм крыс с диабетической нефропатией // Тр. 5-ой национ. научно-практ. конф. «Активные формы кислорода, оксид азота, антиоксиданты и здоровье человека» - Смоленск, 2007. - С. 179-180.

2 Зыков А.А., Головнев В.А., Зыкова А.А. Белкина О.М. Влияние полифенольных соединений манжестки обыкновений на количественную динамику глюкозы и инсулина в крови и лимфе при экспериментальном аллоксановом диабете // Матер. I-го Сибир. съезда лимфологов «Проблемы экспериментальной клинической и профилактической лимфологии». – Новосибирск, 2006. – С. 145-146.

3 Кутепаева Т.А. Об эффективности суммы фитоэксидистероидов из Ajuga Turkestanica при аллоксановом диабете // Докл. на конференции, посвященной памяти акад. С. Ю. Юнусова, Химия природ. соед. спец. выпуск. – Ташкент, 2002. – С. 166-168.

4 Владева С., Терзиева Д., Арабаджийска Д. Роль микроэлемента селен в контроле гликемии при диабете 2 типа // Эндокринология. – 2006. – Т.11, №1. – С. 13-18.

5 Кательников А.В. Влияние витаминов Е на функцию гистогематических барьеров эндокринных желез у животных разных возрастных групп // Проблемы эндокринологии. – 2005. - Т.51, №6. - С. 38.

6 Егай В.С., Секербаев Х.У., Егай Ю.В., и др. Соевое питание как фактор экологической защиты человека // Матер. междунар. научно-практ. конф. «Актуальные проблемы экологии». – Караганда, 2002. – С. 197-198.

7 Левицкий И.И., Селиваньски И.Е., Цисельский Ю.В. Влияние соевого молока на экспериментальный сахарный диабет // Одесс. мед. журн. – 2004. - №6. - С. 9-11.

8 Танабаева Г.З., Касымалиева Р.А., Зельцер М.Е. Опыт применения препарата, содержащего чеснок, румекс и топинамбур в лечении больных сахарным диабетом 2 типа // Матер. междунар. научно-практ. конф. «Актуальные проблемы оздравления населения природными факторами». – Алматы, 2002. – С. 305-306.

9 Анисимова Ю.М., Боровский В.Р., Ефимиев А.С. Соевые продукты в профилактике и лечении сахарного диабета // Вестник фармации. – 2008. - №3. - С. 3-7.

### Резюме

Использование комплекса соевого молока и  $\alpha$ -токоферола предварительно и на фоне формирования аллоксанового диабета способствовало нормализации уровня глюкозы в крови, моче и уровня инсулина, сохранению первоначальной массы тела животных, хотя полностью контрольных значений не достигалось.

### Summary

The use of a complex of soya milk and  $\alpha$  - tocopherol preliminary and against formation alloxan a diabetes promoted normalization of level of glucose in blood, urine and insulin level, to preservation of initial weight of a body of animals though completely control values it was not reached.

ӘОЖ 612;591.1.;57.034

Абылайханова Н.Т., Қайрылбаева Э., Аблайханова Н.Т.\*

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КҮН ТӘРТІБІ МЕН БИОЛОГИЯЛЫҚ ҮРГАҚТЫЛЫҚТАҢ ОЗАРА БАЙЛАНЫСТАНЫҒЫН АНЫҚТАУ

(әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,

\*С.Д. Асфандияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті, Алматы қ., Қазақстан)

*Жасөспірімдердің күн тәртібі олардың ақыл-ой және дене еңбегіне қабілетінің дамуын анықтайтын ең маңызды факторлардың бірі болып саналады. Осы биологиялық үргақтардың дұрыс сақтап, ережесін бұзбай менгерсе адам өзінің денсаулығын қамтамасыз етеді*

Хронобиологияның негізгі мақсаты – ағзаның физиологиялық қызметінің тербеліс спектрлерін, олардың реттелу ерекшеліктерін, сыртқы циклдармен байланыстарын, ағзаның бейімделушілік реакцияларындағы тербелістердің ролін, тірі жүйелердің экзо- және эндогендік әсерлерге сезімталдықтарын зерттеу. Еңбек пен демалыс, спортпен шұғылдану мен тамақтану процесіндегі дербес биологиялық ерекшелік негіздерінде биоыргақтылық жетістіктерін практикада көнінен қолдану мүмкіндіктері туып отыр. Ағзаның физиологиялық функциясының циклдылығы әрбір адамда ерекше, бірақ белгілі бір уақыт аралығында болады [1-3]. Ересек адамдардың көпшілігінде биоритмологиялық ең колайлы функционалдық жағдай таңертен және кешке байкалады. Балаларда мұндай уақытқа байланысты болатын белсендердің онша білінбейді. Бірақ, олардың функционалдық көрсеткіштері тәулік ішіндегі белгілі бір уақыттарда, көбінесе таңертенгі уақыттарда жоғарылайтыны анықталды [4, 5].

Сондықтан, кейбір авторлар балалар арасында акрофазаның үш түрін бөліп қарастыруды ұсынды: таңертенгі, кешкі және аритмиялық (бұл шартты түрінде алынған). Балалардың функционалдық мүмкіндігін бақылау және арнаулы зерттеулер жүргізу, олардың сабак жүктемесін ағзаның биологиялық ритмдеріне байланысты дұрыс бөлуге мүмкіндік береді.

Күн тәртібі дұрыс үйымдастырымау (мысалы 18 сағаттан соң әмоциялық және қымыл қозғалыс белсендердің жоғары болатын болса) баланың үйықтау үрдістерінің бұзылуынан жиі оянуына әкеледі. Сергектік уақыты ұзарып, тұнгі үйқының қажетті уақыты қысқаратындықтан баланың қызмет қабілеті төмендейді [6, 7].

Тамақтану және жеке бас гигиенасы – гигиена және мәдениет дағыларын қалыптастыруға арналған күн тәртібіндегі міндетті түрдегі бір бөлігі. Күн тәртібінің элементтерін тәулік ішіне рационалды бөліп, кезектестіріп және оларды бір-бірімен дұрыс ауыстырып қоюдың маңызы зор. Яғни іс-әрекеттердің бір түрі биологиялық әсері жөнінен басқаша болып келетін екінші бір түрімен алмасып отыру қажет. Мұндай жағдайда жаңадан қойылған уақыт тәртібі алдыңғы іс-әрекеттен пайда болған қажуды басады. Белсенді демалыс механизмі осы үрдістерге негізделген. Балалар ағзасының десинхронозға әкеліп согатын факторларды зерттеу-арнаулы гигиеналық зерттеулердің объективті болып саналады. Десинхроноз анық және жасырын түрде кездеседі. Анық десинхроноз ашуланшақ, жылауық, тез шаршау, дұрыс үйқытамау сияқты әр түрлі психоастениялық көріністермен байқалады. Кейіннен анық десинхроноз бөлшектеніп жасырын түрге көшеді [8-10].

**Зерттеу обьектілері:** тәжірибе жұмысы Алматы қаласының М. Базарбаев атындағы №138 мектеп гимназиясының 9 сынып оқушыларының күн тәртібі мен олардың үлгеріміне байланысты 45 оқушыға анкета таратылып, сұрақнама жүргізілді, сонымен қоса 2010-2011 оку жылының үлгерімін бақылады.

**Зерттеу нәтижелері:** тәжірибеге алынған оқушылар екі топқа бөлінді.

1 топ- күн тәртібі маңызды «оку үлгіріміне әсер етеді» деп санайтындар, 2 топ – күн тәртібі маңызды емес «оку үлгіріміне әсер етпейді».

Алынған нәтижелер математикалық-статикалық өндеуден Microsoft Excel бағдарламасын қолдану арқылы өндөлді. Барлық алынған мәліметтер статистикалық нактылық ерекшеліктерін, \* $p \leq 0,05$ , \*\* $p \leq 0,01$ , \*\*\* $p \leq 0,001$  салыстыру Стьюент (t) әдісімен орындалды.


Мектеп оқушыларының басым бөлігінде бірінші аусымдағы сабактың ерте басталуына (8.00 басталатындықтан) сәйкес балалардың өте ерте тұруына және кешкілікте өте жай жатуына байланысты үйқы қанбайтыны байқалды (1-сурет).

I-ші топта 9- сыныпта оқытын оқушылардың тұнгі үйқыға жататын белгілі уақытысы жоқ. Көрсеткіште көрсеткендегі 35% бәрі бір уақытта үйқытайды. 2-ші топтағы оқушылар 2%-ті тұнгі үйқысының дәл уақытысын айта алады. Сағат 23.00- де - 52%, ал қалғандары 22.00-де 15% үйқыға жатады.

Үйқы қанбауы балалардың жоғарғы жүйесіне қолайсыз әсер етеді. Үйқы жетіспеген жағдайда ағзада вегетативтік өзгерістер жеделдеп, қызмет қабілеті едәуір төмендейді. Мұндай жағдай алғашқыда қайтымды сипатта болады, яғни үйқы ұзактығының тәртібі сакталатын болса, қайтадан қалпына келеді. Ұзак уақыт үйқы тәртібінің бұзылуы қатты қажуды невротикалық бұзылысты туғызады. Үйқының белгілі бір уақытта мидың белсенді қызметі күндізгіден де артатыны анықталған.


Үй тапсырмасын орындау-оку үрдісіндегі өз еркімен жұмыс істеудің ең басты бөлімі. Бұл жұмыс негізінен түстен кейін, жақсылап дем алған соң орындалуы және ағзаның функционалдық мүмкіндігінің түстен

кейінгі жоғарылау кезеңіне сәйкес келуі керек. Жасөспірімдердің үй тапсырмасына бөлөтін уақытын есептегендеге мынадай көрсеткіштерді алдық (сурет 2).



1-күн тәртібін сақтайтын топ, 2- күн тәртібін сақтамайтын топ.

Сурет 1 - Жасөспірімдердің үйкіға жіберетін уақыттары



1-күн тәртібін сақтайтын топ, 2- күн тәртібін сақтамайтын топ.

Сурет 2 - Жасөспірімдердің үй тапсырмасына жіберетін уақыттары

1-ші топ оқушылары диаграмма көрсеткіші көрсеткендей 10%-і үй жұмысын орындар алдында демалады, ал 64%-і мектептен кейін түскі тамақтарын ішіп, 1-2,5 сағат дем алып барып үй жұмыстарын орындайды. Ал 26% жасөспірімдер үй жұмыстарын тамақтанбай, мектептен келе салып оқиды.


Ал 2-ші топта 46% -і түскі тамақтарын демалыс іше салысымен үй жұмыстарын оқиды, себебі түскі үзілісті демалыс есебінде есептейді. 9% оқушылар үй жұмысына сабактан кейін, тамақтанбай тұрып оқығанды жөн деп есептейді, себебі мектептен алған тапсырмаларды тез орындауга, әрі есте жақсы сақталады деп ойлады. 9-сыныптардың көпшілігі демалу уақытына көп көніл бөледі. 9-сыныптың 1-ші тобының оқушылары 21%-і әрқашан үй жұмысының алдында үзіліс жасайтындар. Ал үй жұмысынан бұрын дем алатындар көрсеткіші өзгермеген 69-70%.

2-ші топтың жасөспірімдері көрісінше әрқашан үй жұмысынан бұрын дем алатындар 5%-ке өсіп, 24% құрады, ал ешқашан үзіліс жасамайтындардың көрсеткіші 16% төмендеп, 12%-ті құрады. Кейде үзіліс жасап демалатындар көрсеткіші төмендеді 79% тен 69% ке дейін.

Дұрыс режим – іс әрекет пен тынығудың алуан түрін тәулік ішінде ұтымды әрі сәйкес кезектестіру, олардың нақты, күнделікті қайталанып отыру реті. Режимді сақтау үлкен ми сыңарлары қыртысында, әрекеттің бір түрінен екінші түріне көшуді жеңілдететін берік шартты байланыстар мен стеротиптердің түзілүйнен себепші болады. Тұнгі үйкідан қалған уақытты таза ауада серуендеуге жұмсау керек. Демалыс күндері мен каникул кездерінде балалардың таза ауада болу уақытын мейілінше ұзарту керек. Жасөспірімдер өздеріне арналған бос уақытты өз қалауынша пайдаланады. Жоғарғы сынып оқушылары үшін серуенге 1,5-2,5 сағат болінеді (сурет 3).

Серуенге жіберілген уақытты есептеген кезде мына мәліметтерді алдық. 1-ші топ оқушылары 68% кешкі серуенге шықпайды, ал 22.00-ден кейін айына бір рет кешкі серуенге шығатындар-22%. Ал қалғандары күнде-3%, аптасына 1-рет 7%. Ал 2-ші топта бұл көрсеткіштер төменірек үй тапсырмасын орындаған болған соң, кешкі

серуенге ешқашан 52% шықпайды, күнде кешкі серуенге шығатындар -2%; аптасына бір рет серуенге шығатындар -15%, айна бір рет 31%-ке төмендеді.




1-күн тәртібін сақтайтын топ, 2- күн тәртібін сақтамайтын топ.

Сурет 3 - Жасөспірімдердің серуенге жіберетін уақыттары

Бос уақыттарын серуендеуге жұмысамай, теледидар мен компьютердің алдында өткізетіндер 1-ші топта 3 сағат теледидар көретіндер мен компьютердің алдында әртүрлі ойындар ойнайтындар 11% пен 55% аралығында. Ал кейде 54% , тек әртүрлі үйрмелерге қатысып, қалған кешкі бос уақытын теледидар алдында өткізетіндер- 16%.

2-ші топта 54% кейде кешкі серуенге шығамыз деген жауап берген, ал 16% теледидарды бос уақытысында көретінін байқауға болады. Ал 13%-і теледидарды 3 сағаттан көп көретінін байқауға болады. Демалыс уақытысына келетін болсақ 1- топта 69% окушылар белсенді демалғанды ұнатады, 19%-і демалыс бойы теледидар көріп, түске дейін ұйықтағанды ұнатады, ал қалған көрсеткіштер әрқалай.



1-күн тәртібін сақтайтын топ, 2- күн тәртібін сақтамайтын топ.

Сурет 4 - Жасөспірімдердің бос уақыттарында еңбекке, дene шынықтыруға, теледидар алдында кетіретін уақыттары

Іс-әрекет түрін аудыстырғанда түрлі талдағыштардың тітіркену сипаты өзгереді де, бұрынғы қызмет аткарылып тұрған ми қыртысы жасушаларының тежелуіне (тынығуына) мүмкіндік беріп, окушылардың жұмысқа қабілеттілігі ұзарады. Мұнда денешынықтыру минуты мен сабак арасындағы үзілістер ойдағыдан септігін тигізеді. Еңбекке баулу сабактары да окушылардың жұмыскерлігін арттырады.

Күнделікті жанға тіршілігіне көмектесуге, қоғамдық пайдалы еңбектермен айналысуға да уақыт бөлініп, балалардың өз еркімен шығармашылықпен айналысуына жеткілікті уақыт қалуы тиіс.

Жас мөлшеріне байланысты баланың дene енбегі мен ақыл-ой еңбектеріне функционалдық мүмкіндігі әр түрлі болады (4 сурет).


Қоғамға пайдалы еңбек пен өзіне–өзі қызмет етуге қолайлы физиологиялық талаптар қойылады. Оларды күні бойына, апта мен айға арнап қатаң нормалау және мектеп окушыларының, жас ерекшеліктеріне, жынысына, денсаулығына, мүмкіндіктеріне, ептіліктерімен дағдыларына сәйкес келтіру керек.

Танертенгі денешынықтыруды 1-ші топ окушылары 10%-і ешқашан орындаамайды. Бұл дene шынықтыруды орындағандардан 5 есе жоғары. Ал 9 сыныптардың 2-ші тобы әркашан дene шынықтыруды 3%-аз орындаитындары, ал ешқашан орындаамайтындары 2 есе 54%-ке жоғары. Кейде дene шынықтыруды

орындастындар 42%. Бұл 8 сыныптардың дене тәрбиесіне деген қатынасы нашар төмен екенін байқауға болады.

Ал оқушылардың жалпы сабак үлгерімін қорытындылай келсек 9-сынып оқушыларының сабак үлгерімінің төмендеуі күн тәртібін дұрыс сақтамауды деп айтуда болмайды, ете жоғарғы көрсеткішпен оқытындар жоқ, ал 64%-і ғана оқушылар 3-4 ке оқиды, ал толық 4-ке оқытындар 15% бұл оқушылар күн тәртібін сақтамайтындар (сурет 5). Ал оқушылардың 15% үлгірімі нашар. Себебі, олар барлық күн тәртібіне сәйкес ережелерді сақтасада оқуға уақыт бөлуді ұмытып кететіндігі белгілі болды.

Ал екінші топтың оқушыларының 25% «4-5» оқыса, 75% «3-4» оқиды, мұнда жасөспірімдер күндіз демалысқа уақыт көп бөлгендіктен денсаулықтарына қайшы түнгі уақыттарын сабак қарауға жүмсайды.



1-күн тәртібін сақтайдын топ, 2- күн тәртібін сақтамайдын топ.

Сурет 5 - Жасөспірімдердің күн тәртібіне байланысты оқу үлгірімдері

Осыған сәйкес осы оқушылар жақсы тамақтанып, үйқылары дұрыс, көп уақыт таза ауда демалады, сол үшін оқу сабактарына көп көніл белмейді деп болжауға болады. Сонымен жоғары сынып оқушылардың сабак үлгеріміне әртүрлі себептері бар.

Қорытындылай келе 9 сынып оқушылары сауалнаманың 1-ші тобының 66%-і күн тәртібін маңызды деп санаса, ал 29% күманданады. 2 топтың ішінде күманданатындар 41%, күн тәртібіне қарсылар 22%-і күрады. 9-сыныпта 1-ші топта өз күн тәртібін 46%-і жоспарлайды, ал 2 топ балалары ешқашан күн тәртібін жоспарламаган.

Жасөспірімдердің күн тәртібі олардың ақыл-ой және дене еңбегіне қабілетінің дамуын анықтайдын ең маңызды факторлардың бірі болып саналады. Адамның денсаулығы негізінен балалық шақта, жасөспірімдің кезеңде қалыптасқандықтан, өсіп келе жатқан үрпактардың тәнінің денсаулығын сақтау мемлекетіміздің маңызды міндеттерінің біріне жатады. Осы биологиялық үрпактарды дұрыс сақтап, ережесін бұзбай менгерсе адам өзінің денсаулығын қамтамасыз етеді. Табигаттағы биологиялық үрпакпен адам үйлесе отырып менгерсе үлкен қүшке ие болады. Соңдықтан жеткіншектер жастан мен жасөспірімдердің күн тәртібі мен денсаулығын биологиялық үрфаққа сәйкестендіре: үйрету керек.

#### Әдебиеттер

1 Ананасенко Г.А. *Физическое развитие детей и подростков*. – Киев: Здоровье, 1985. – 80 с.

2 Гриневич В. *Биологические ритмы здоровья // Наука и жизнь*. – 2005. - № 1.

3 Детская спортивная медицина / Под ред. С.Б. Тихвинского, С.В. Хрушевса. – М.: Медицина, 1991. – 600 с.

4 Козлов Л.В. *Особенность подросткового возраста / Защита прав ребенка и здоровье: Материалы круглого стола 30 мая 1996 г.* – Минск, 1996. – С.53-61.

5 Макарова Г.А. *Спортивная медицина: Учебник*. – М.: Советский спорт, 2004. – 480 с.: ил.

6 Основы математической статистики: Учебн. пособие для институтов физ. кульм. / Под ред. В.С. Иванова. – М.: Физкультура и спорт, 1990. – 176 с.,

7 Красоткина И.Н. *Биоритм и здоровье*. - М.: Книги Искателья. - 2002.- 222 с.

8 Неменко Б.А., Останова Г.К. *Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы*. -Алматы: Фылым. – 2002.

9 Торманов Н.Т., Тулеуханов С.Т., Маркеева С.С., Швецова Е.В. *Жас ерекшеліктер физиологиясы*. – Алматы: Қазақ университетi, 2008. -

10 Тулеуханов С.Т., Ефимов М.Л. *Ритм, здоровье, жизнь*. – Алматы: Қазақ университетi, 1998. - 245с.

#### Резюме

Организм детей среднего школьного возраста настроен на определенные природные биологические ритмы и длительные отклонения от этих ритмов порождает стресс, а это не может не сказатьсь на здоровье человека и его трудоспособности.

#### Summary

The organism of children of average school age is adjusted on certain natural biological rhythms and long deviations from these rhythms generates stress, and it should affect on health of the person and its work capacity.

ӘОЖ 612;591.1.57.034

Абылайханова Н.Т., Төлеуханов С.Т., Ксенбаева М.

**ЭКЗОГЕНДІ ФАКТОРЛАРДЫҢ ЖАНУАРЛАРДЫҢ  
ЭЛЕКТРОКАРДИОГРАММАСЫНА ӘСЕРІ**

(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан)

*Алгаш рет спектральды анализ арқылы жылдың қыс мезгілінде қояндардың жүргегінің  
ЭКГ-тің қалыпты жағдай мен гипоксиядан кейінгі тәуліктік динамикасын анықтай отырып,  
ЭКГ тісшелерінің хронокүрүлымдық көрсеткіштерінің ерекшеліктері анықталды.  
Сонымен қатар ЭКГ тісшелерінің тәулік бойы флюктуацияга үшірділік болуы мүмкін.*

Жүрек ыргағының өзгеруін туғызатын факторлардың басты түрлері: гипоксия (оттегінің тапшылығы), ишемия (жүректі қаммен қамтамасыз етілу процесінің нашарлауы), ацидоз (қаның қышқылдық иондардың концентрациясының көбеюінен), алкалоз (қаның құрамындағы сілтілердің көбеюінен), электролиттердің арасындағы баланстардың өзгеруінен, импульсті өткізбейтін жеке жергілікті ошақтардың пайда болуы, миокард жасушасының закымдануы және жүрек етіндегі тыртыктардың пайда болуынан есептелінеді [1]. Жүрек қызыметінің ыргағының өзгеруіне тікелей себеп тудыратын факторлар: импульстің пайда болуының және оның өткізу жолдарындағы болатын бұзылысы. Осы екі фактордың біргіп, қосылып әсер етуінен де болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда импульстің бұзылуы диастола аралығының (интервал) әрекет потенциалының ұзактығының қысқаруынан пайда болуы мүмкін. Бұл кезде импульстің пайда болуы жиілейді. Кезеңнен тыс әсер еткен кезеген нерв, керісінше, импульс жиілігін азайтады [2].

Жүректің электрлік белсенділігін электрокардиограф (ЭКГ) көмегімен тіркеуге болады. ЭКГ-да P, Q, R, S, T - тісшелерін ажыратады. P-тісшесі оң және сол жақ жүрекшелердің қозуы кезіндегі электропотенциалдардың алгебралық суммасы. Q, R, S тісшелері қарыншалардың қозуының бастамасын, ал T-реполяризация процесін көрсетеді. Р және Т арасындағы интервал жүректің тыныштық күйіне сәйкес, яғни жалпы пауза және камералардың қанға пассивті толуы. Сөйтіп, әр тісше миокарда электрлік процесстердің тараулын сипаттайтын немесе оны электрлік систола деп атайды [3]. ЭКГ жүрек ыргақтылығының өзгерістерін жекелеп талдайды. Аритмияның пайда болуының басты механизмі бұзылған ошақтардағы пейсмекерлердің активтілігіне (ыргақты жүргізуі ошақтардың белсенділігі) немесе импульсті өткізу жолдарындағы өзгерістерге (оның закымдалуына) байланысты. Жүрек ауруларының мынадай аритмия түрлері болуы мүмкін: тахикардия - жүректің жиырылу жиілігі әте жиі, минутына 90-150-ге дейін барады, брадикардия - әте баяу ыргақтылықта, минутына 40-50 жиілікті қамтиды. Ал қалыпты жағдайда жүрек қан тамырларының жиілігі минутына 60-80 жиілікте болады. Брадикардия спортпен шұғылданатын адамдарда тыныштық күйде немесе әте кәрі адамдардың жүрек ауруына шалдыққанда байқалады. Тахикардия эмоционалды қозу кезінде және бұлшық ет жұмысының күшеюінен байқалады. Оң және сол жақ қарыншаның миокардында пайда болған кезексіз қозу синоатриалдық түйінде көрінбейді. Бұл түйін өз кезегінде экстрасистоладан кейін рефракторлық кезенде түрган қарыншаға кезекті импульс жібереді. Соңдықтан қарынша миокарды жүрекшеден келген кезекті импульске жауап бермейді. Содан кейін қарыншаның рефракторлық кезені аяқталады және қайтадан қозуга жауап береді, бірақ оған синустан екінші импульс келгенше біраз уақыт өтеді. Сонымен экстрасистола компенсаторлық жүрекше жұмысының тұрақты ыргағы кезіндегі қарыншаның тыныштық күйіне әкеледі [4].

Сонымен алынған нәтижелер бойынша қояндардың жүргегінің қалыпты жағдайдағы және гипоксиядан кейінгі электрокардиограммасының тәуліктік және маусымдық динамикасының спектралді анализін салыстыра отырып, жануарлар жүргегінің хронокүрүлымдық параметрлерінің биоыргақтылығының ерекшеліктері анықталды.

**Зерттеу объектілері мен әдістері**

Зерттеу обьектісі ретінде салмақтары 1,5-2,5 кг, әк ала түсті, жасы 1-2 жас аралығындағы бір жынысты ұргашы 14 қояндар алынды. Экспериментке алынған қояндар 2 топқа бөлінді. Зерттеу әрбір сағат сайын жылдың қыс маусымына байланысты бірінші бақылау топқа қалыпты жағдайда; ал екінші тәжірибе тобындағы қояндарға жасанды гипоксиялық жағдайда 14 рет тәулік бойы жүргізілді. Қояндардың жүргегінің жиырылу ыргақтылығының көрсеткіштері жылдың әр маусымында қоянның жүрек жұмысын жасанды гипоксия жағдайынан кейін электропотенциалды өзгерістердің электрокардиограммасын (ЭКГ) тіркеу арқылы тәулік бойы өлшеу жүргізілді.

Біздің зерттеу жұмысымыз қояндардың қалыпты жағдайдағы және гипоксия әсерінен кейінгі жүрек қызыметінің электр потенциалының Спектралды анализін анықтау болып табылады. Жүрек еті қозған кезде көптеген ет талшықтары теріс зарядқа көшеді де, қозбай қалған ет талшықтары бұрынғысынша оң зарядын сактап қалады, сөйтіп қозған және қозбаған миоциттер арасында электр айырмашылығы, яғни электр потенциалы туады. Бұл потенциал белгілі бір ұлпалар арқылы бүкіл денеге тарап кетеді [5].

Соңдықтан біз тәжірибедегі қояндардың ұйықтатпай, аяқтарының балтырының ішкі жағындағы жұндерді қырып тастап, электродтарды орналастыру арқылы электрокардиограф аспабында жүрек ыргақтары жазып алынды. Ол үшін әдетте үш түрлі биполярлық стандарттық тіркеу әдісі қолданылады. Электрокардиографпен жазып алынған қисық сыйық – электрокардиограмма латын алфавитінің соңғы әріптерімен (P, Q, R, S, T) белгіленген бес тістен тұрады. Оның үшеуі (P, R, T) электр осінен жоғары, екеуі (Q, S) төмен карай

бағытталған. Электрокардиограммадан жүрек қызметі туралы бірқатар мағлұмат алынады: тістердің биіктігін (амплитудасын) өлшеу арқылы жүректің жиырылу күшін жорамалдауға болады. Жүрек циклі мен оның кезеңдерінің ұзақтығы анықталады. Q мен T аралығын өлшеу арқылы систоланың ұзақтығы есептеліп шығарылады, ал Т-Р аралығы диастола ұзақтығын көрсетеді. Р-Q аралығы қозу процесінің атриовентрикулярлық түйіні мен Гис шоғырынан өту жылдамдығын сипаттайды. Сау адамдарда бұл аралық 0,1-0,2 сек. S-T сегменті электрлік изолиниядан ығысса, жүректің қан тамырлары арқылы қоректенуін нашарлаганын көрсетеді.

Электрокардиограмманы талдай отырып, жүректің минутина қанша рет және қандай ырғақпен соққанын анықтауға болады [6]. Р-тісшесі жүрекшедегі қозудың жалпы потенциалын немесе оң және сол жақ бұлшық етімен таралатын импульсті көрсетеді. Яғни, екі жүрекше қозған кезде туған ток жиынтығы, Р-тісшесі жүрекшедегі деполяризацияны білдіреді. Бұл тісшенің қалыпты жағдайда 0,05-0,07 сек жылдамдықты құрайды. Р-тісшесі QRS комплексінің алдында тұрса, онда ол ырғақ синусты болып саналады. Сонымен бірге екеуінің аралығы 0,12-0,2 сек болса, қалыпты деп санауга болады. QRS комплексі қозудың (деполяризациясын) қарыншаға таралуын, одан әрі оның сөнуін (реполяризациясын) көрсетеді. Екінші фаза (жүректің реполяризациясы) Т-тісшесі деп аталады, келесі қарынша кешенімен QRS бірігіп кейде байқалмауы да мүмкін. QRS және Т қарынша комплексінің өз кезегінде басты бөлігі (QRS) және соңғы (ST интервалы және тісшесі) QRS кешенінің қисық сзығы құрделі пішінді қарынша етінен таралатын қозуды көрсетеді. QRS комплексі қарыншаның деполяризациясын көрсетеді. QRS комплексінің оң жаққа ауытқуын R-тісшесі деп атайды. Қарынша комплексі басталғаннан кейінгі S-T интервал немесе RS (S тісшенің аяқ жағынан Т-тісшенің басталар жеріне дейін) тісшесі пайда болады. Т-тісшесі қарыншадағы қозудың тоқталғанын көрсетеді немесе қарыншадағы реполяризациялану деп аталады. QRS-комплексі электрлік систола немесе қарыншаның жиырылу ұзақтығын білдіреді. Т-Р интервалы жүректің босансызы немесе жүрек диастоласына сәйкес келеді [7-10].

Зерттеу жұмысымызда эксперименталды гипоксияны барокамерада іске асырдық. Барокамера көлемі 50 литрлік, ұзындығы 120 см, ауа жібермейтін герметикалық қақпақпен жабылған, арнайы қысымды белгілейтін, ауа құрамының өзгерісін немесе тұрақтылығын белгілі деңгейде ұстайтын (биіктікі реттеуіші вакумдық насос, сыйнапты монометр, биіктікті өлшемейтін аспап) құралмен жабдықталған. Сонымен қатар гипоксиялық жағдай 6000м биіктікке (349,1 атм. қыс. мм. сын. бағ.) көтерілу арқылы жасалынды. Биіктік деңгейін математикалық есептеумен сәйкестендіріп, монометр арқылы анықталдық. Парциалды қысымның төмендеуі пластинкалы – роторлы типті ЗНВР-1Д вакуумдық насос арқылы жузеге асырылды.

Кояндарды 6000 м биіктікке әрбір сағат сайын 10 мин аралығында өте баяу жылдамдықта көтеріп, 10 мин биік деңгейде ұсталды, сол жылдамдықты сақтай отырып теменге түсірілді, жүрек ырғақтарын ЭКГ аспабтарында әрбір сағат сайын тіркеп; тәуліктік және маусымдық динамикаларының хронокұралымдық параметрлерінің өзгерістеріне корытынды жасалынды. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері қалыпты жағдайда және эксперименталды гипоксиядан кейін алғыншылдық жағдайда.

### Зерттеу нәтижелері мен талдау

Зерттеу нәтижесінде жылдың қыс айларында гипоксия әсерінен кейінгі тәжірибе тобына жасалған зерттеу қояндар жүрек ырғағының көрсеткіштері тәулік бойы тербелісте болатындығымен қатар маусым арасындағы өзгешеліктері анықталды. Гипоксия ағзалардың бейімделу процесі тыныс алу және қан айналым жүйесінің оның ішінде жүрек ырғағына әсерін тигізді.

Барлық ЭКГ тісшелерінің көрсеткіштеріне спектралды талдаудың есептеулерінен кейінгі тәуліктік ырғақтың спектралды тығыздығы бойынша тұрғызылған графиқтерден анық байқалып тұрған биіктіктердің сағат периодын әрбір тісшелерге жеке-жеке талдау жасалынды (1-6 суреттер).


Қалыпты жағдайда қыс мезгілінде барлық ЭКГ тісшелерінің тәуліктік динамикасының спектралды тығыздығының деңгейі монобиіктікегі қисық сзығ түрінде синхронды тербеледі, негізінде олар 24 сағатқа сәйкес келеді.

Ал гипоксия әсерінен кейін жүргізілген спектралды талдау ЭКГ-н тәуліктік ырғағының монофазалығы барлық тісшелерінде байқалғанымен полифазалықтың көрүге болады. Тек R-RmB тісшесінің тәуліктік динамикасы полифазалықты көрсетті (4-сурет).

Сонымен қатар стресс фактордың әсерінен ТmB тісшесінің 22 сағаттық периодтылықты статистикалық сенімділікпен есептеді (1-сурет). PQmB мен S-TmB тісшелерінің тәуліктік динамикаларынан байқалған спектралды талдауда 24 сағаттық периодпен қатар 12, 17 және 18 сағаттық периодтылықты статистикалық сенімділікпен беріп отыр (2-5-суреттер). 12 және 18 сағаттық периодтылық жалпы ағзадағы циркадианды ырғақтылықпен қатар ультрадианды ырғақтылық қатар жүріп жатқан биологиялық процестердің ықпалы деп түсінуге болады.


Кояндар жүргегінің ЭКГ тісшелерінің хронокұралымдық көрсеткіштерінің стресс факторларға тұрақтылығы жануарлар ағзасының хронорезистенттілігіне байланыстырылығын көрсетеді. Кез келген стрессорлық әсерлер ағзаның жауап реакциясын тудырады. Эксперименттен алынған нәтижелерге сүйенсек тәуліктік хронорезистентті әсерлер сезімталдықтың уақытқа тәуелді динамикалық құбылыс ретіндегі концентрацияны қалыптастыру үшін бастама жасайды. Осы сияқты байқаулар динамикалық сезімталдықтың жалпы биологиялық принциптерін бекітіп қана қоймай, оның адам ауруын емдеуге де тікелей қатысы бар,

өйткені мұнда да биологиялық, химиялық және физикалық жолдармен әсер еткенде 24 сағаттық цикл барысында кез келген тірі жүйе оған жауап қайтара алады.




Абсцисс өсінде – сағат периоды, ординат өсінде – автоспектр.

1 сурет - Қыс мезгіліндегі қалыпты жағдайдағы және гипоксиядан кейінгі қояндар жүргегінің ТМВ тішесінің тәуліктік динамикасының салыстырмалы спектралды тығыздығы




Абсцисс өсінде – сағат периоды, ординат өсінде – автоспектр.

2 сурет - Қыс мезгіліндегі қалыпты жағдайдағы және гипоксиядан кейінгі қояндар жүргегінің S-ТМВ тішесінің тәуліктік динамикасының салыстырмалы спектралды тығыздығы




Абсцисс өсінде – сағат периоды, ординат өсінде – автоспектр.

3 сурет - Қыс мезгіліндегі қалыпты жағдайдағы және гипоксиядан кейінгі қояндар жүргегінің RmB тішесінің тәуліктік динамикасының салыстырмалы спектралды тығыздығы




Абсцисс өсінде – сағат периоды, ординат өсінде – автоспектр.

4 сурет - Қыс мезгіліндегі қалыпты жағдайдағы және гипоксиядан кейінгі қояндар жүргегінің R-RМВ тішшесінің тәуліктік динамикасының салыстырмалы спектралды тығыздығы



Абсцисс өсінде – сағат периоды, ординат өсінде – автоспектр.

5 сурет - Қыс мезгіліндегі қалыпты жағдайдағы және гипоксиядан кейінгі қояндар жүргегінің РQМВ тішшесінің тәуліктік динамикасының салыстырмалы спектралды тығыздығы



Абсцисс өсінде – сағат периоды, ординат өсінде – автоспектр.

6 сурет - Қыс мезгіліндегі қалыпты жағдайдағы және гипоксиядан кейінгі қояндар жүргегінің РmB тішшесінің тәуліктік динамикасының салыстырмалы спектралды тығыздығы

Сонымен жүректің жырылу ыргақтылығы жануарлардағы тәуліктік және маусымдық тербелістермен тығыз байланысты екендігі дәлелденді. Демек, ЭКГ тісшелерінің ыргақтылығы, оның жоғарғы және төменгі көрсеткіштері ағзаның сезимталдық деңгейінің индикаторы болып табылады, бұл деңгейді тәулік бойы жануарлар жүргегінің ЭКГ-н өлшеу арқылы болжауга болады. Стресс факторлардың әсерінен пайда болған ультрадиандық ыргақтылық ағзаның физиологиялық өзгерістерге бейімделгіштігін дәлелдейді. Жылдың қыс мезгіліндегі күндізгі жарықтың маңыздылығына, әсіресе уақыт қажеттілігі стресс фактор кезінде, гипоксияның әсерінен кояндар жүргегінің ЭКГ тісшелерінің тәуліктік динамикасының акрофазаларының сәл ауыткуы арқылы дәлелденді. Корыта келгенде, алғынған нәтижелер бойынша алғаш рет спектральды анализ арқылы жылдың қыс мезгілінде кояндардың жүргегінің ЭКГ-н қалыпты жағдай мен гипоксиядан кейінгі тәуліктік динамикасын анықтай отырып, ЭКГ тісшелерінің хронокүр lýмдық көрсеткіштерінің ерекшеліктері.

### Әдебиеттер

- 1 Сахнова Т.А., Блинова Е.В. Диагностика гипертрофии левого желудочка по данным комплексного анализа ортогональных отведений электрокардиограммы. Методическое пособие для врачей. - М., 2007.
- 2 Сахнова Т.А. Векторкардиография. В кн.: Функциональная диагностика сердечно-сосудистых заболеваний / Под ред. Ю.Н. Беленкова, С.К. Тернового. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2007.
- 3 Соболев А.В. Методы анализа вариабельности сердечного ритма на длительных промежутках времени. - М.: ИД «Медпрактика-М», 2009.
- 4 Рябыкина Г.В., Соболев А.В. Мониторирование ЭКГ с анализом вариабельности ритма сердца. - М.: Медпрактика, 2005.
- 5 Рябыкина Г.В., Шишова Т.А., Лаптев Д.Н. и др. Динамика артериального давления, вариабельности ритма сердца и Q-T у больных с метаболическим синдромом при лечении селективным b-блокатором и бигуанидами / Артер. гипертен., 2009. - №3. - С. 38–56.
- 6 Рябыкина Г.В., Лаптев Д.Н., Соболев А.В. и др. Исследование интервала Q-T у детей и подростков, больных сахарным диабетом I типа, при холтеровском мониторировании ЭКГ. Сахар. диабет. – 2007. - №2. – С. 19–23.
- 7 Сула А.С., Рябыкина Г.В., Гришин В.Г. Метод дисперсионного картирования ЭКГ. Биофизические основы метода дисперсионного картирования. В кн.: Новые методы электрокардиографии (ред. С.В.Грачева, Г.Г.Иванова и А.Л.Сыркина). - М.: Техносфера, 2007.
- 8 Рябыкина Г.В., Вишнякова Н.А. Метод дисперсионного картирования ЭКГ при скрининговом обследовании населения. Урюпинск, 2009.
- 9 Васильев В.Н. Биоритмы и организм [Электронный ресурс]: офиц. сайт / "Биоритм в жизни человека" - Режим доступа: <http://www.iritm.ru/> (2009).
- 10 Гриневич В.Н. Биологические ритмы здоровья. - Наука и жизнь, 2005, сентябрь. - №9.

### Резюме

В первые при помощи спектрального анализа в зимнее время года была определена суточная динамика ЭКГ сердца у кроликов в норме и при гипоксии, также были выявлены особенности хроноструктурных показателей зубцов и установлены что зубцы ЭКГ в течении суток подверженны флуктуации.

### Summary

In the first by means of the spectral analysis in a winter season daily dynamics of an electrocardiogram of heart at rabbits in norm has been defined and at a hypoxemia, also were tap features chronostructure indicators of a teeth and is established that a teeth of an electrocardiogram within days subject fluctuations

УДК 574.45

Аманжолова П.М., Мамирова Г.Н.

### МЕДИЦИНСКИЙ ЦЕНТР БИОЭНЕРГОРЕАБИЛИТАЦИИ «АЗИЯ МЕД KZ» В КАЗАХСТАНЕ

(Медицинский центр биоэнерготерапии «Азия Мед KZ», г. Алматы, Казахстан)

В 1999 году по инициативе частного бизнеса и под научным руководством профессора Инюшина В.М. в г. Алматы функционировал Медицинский центр «ТИС», затем в 2004 году был открыт Медицинский центр биоэнерготерапии «Азия Мед KZ», который поставил перед собой цель освоить современное и перспективное направление в оздоровлении – биоэнергетическая реабилитация, которая способствует нормализации процессов саморегуляции и восстановлению защитных сил организма.

Медицинский центр биоэнерготерапии «Азия Мед KZ» базируется на фундаментальной концепции биоплазмы, т.е. наличия биоплазменного тела человека. Деформация в биоплазменном теле любые изменения, в котором являются первопричиной многих заболеваний.

Увлечение фармакологическими средствами для борьбы с патологией привело к резкому увеличению хронических больных. Одной из актуальных проблем современной медико-биологической науки является разработка массовых способов оздоровления населения с использованием биотических факторов. Новый взгляд на старые традиционные приемы и средства официальной медицины востребован, прежде всего, изменением в худшую сторону экологической ситуации, с другой стороны бесконтрольное применение в медицине фармакологических препаратов, породило проблему лекарственных болезней, аллергических состояний, падение иммунитета привело к массовой интоксикации населения.

### **Материалы и методы**

